



№72 (10062)
10 қыркүйек,
Сейсенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Дода



Көшпенділер рухы жаңғырды

Әлем елдерінің назары бүгінде Қазақ елінде. Өйткені Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртпен бірге салтанатты ашылу рәсімін тамашалады.



«Астана Арена» стадионында өткен шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Халқ Мәслихатының төрағасы Гурбангулы Бердімухамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АӨСШК, БҰҰ

Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҰРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекеттерінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты. Дүбірлі доданың ашылу салтанатында қазақ жерін мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің балалары Қазақстан Республикасының Туын алып шықты.

Будан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша жарысқа қатысушы мемлекеттер спортшыларының шеруі өтті. Биылғы Көшпенділер ойындарына Азиядан, Еуропадан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Африкадан, сондай-ақ Австралиядан спортшылар келді.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, әлемдік ауқымда өтіп жатқан айрықша маңызды іс-шараға қатысу үшін Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, мәртебелі меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді. Президент көшпенділер өркениеті дүниежүзі тарихында өшпес із қалдырған өркениет екенін айрықша атап өтті.

— Ұлы дала көшпенділері ежелден байтақ Еуразияны мекен еткен. Олар жаһандық даму үдерісіне түбегейлі өзгеріс әкелді, сол замандағы озық технологияның иесі болды. Көшпенділер бес мың жыл бұрын жылқыны қолға үйретті. Дүниені дүбірлеткен салт аттылар мәдениетін қалыптастырды. Қуатты қару-жарақ пен ғажайып зергерлік бұйымдар жасап шығарды. Сақ дәуірінің Алтын адамдары — соның айқын дәлелі. Қазақ жерінен Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи сынды ғұламалар шыққан. Олар ілім-ғылымның дамуына орасан үлес қосты. Біздің бабаларымыз алып мемлекеттер құрды, үлкен қалалар салды. Ұлы далада Отырар, Түркістан, Тараз, Сарайшық сияқты сәулетті шаһарлар бой көтерді. Көшпенді жұрт батыс пен шығысқа

көпір болып, түрлі мәдениеттің жақындасуына әсер етті. Осы жерде ежелгі Ғұн империясы, одан соң Түрік қағанаты салтанат құрды. Олардың даңқты жолын Алтын Орда мен Қазақ хандығы жалғастырды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Көшпенділер ойыны бабалар аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба екенін айтты.

Төрткүл дүниені жайлаған көшпенділер өркениетінің бай мәдениеті мен тағылымды тарихын салт-дәстүрін паш етіп, адамзат баласын ортақ ұйым — Жер — ананы сақтауға үндеген ашылу салтанаты бірнеше эпизодқа ұласты.

Сонымен қатар салтанатты жиында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Роман Силар, Дүниежүзілік этносспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған сөз сөйледі. Ал шеруді этникалық роктың сүйемелдеуімен, ұзын-сонар қатарға тізілген Қазақстан спортшылары аяқтады.

Айта кетейік, жарысқа қатысушылар спорттың 20 түрінен бақ сынасады. Бес нысанда 110 медаль жиынтығы сарапқа салынбақ. Сондай-ақ көшпенділер ойындарына әлемнің түкпір-түкпірінен 100 мыңға жуық турист келеді деп күтілуде. Олардың алғашқы легі ашылу рәсімінен көрінді. Басым бөлігі Димаш Құдайбергелді асыға күткен. Арасында көмейіне бұлбұл ұялаған әншінің шетелдік тыңдармандары да бар.

Ұлттық спорт бәсекесі 14 қыркүйекке дейін жалғасады. Спортшылар арасындағы бәсекелестік пен талас-тартыс жоғары деңгейде болмақ. Әсіресе қазақ-қырғыз арасындағы бәсеке көптің назарында екен.

Жандос ЖАЗКЕН

Аймақ жаңалықтары



Үйірмелер талапқа сай емес

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерге мемлекеттік тапсырысты орналастыру мәселесі бойынша тексеру жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Жұмыс барысында анықталғандай, сабақ өтетін орындар талапқа сай емес. Тапсырыс алушылар үйірме үшін жасақталған ғимараттарда бейнебақылау, өрт қауіпсіздігі жүйесін орнатпаған. Сонымен қатар үйірмеге қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталмағаны да белгілі болды. Белгіленген мекен-жайдан көшіп кеткен жағдайлар да кездескен. Бақылау барысында балалардың көрсетілген саннан кем болуы немесе мүлде болмауы орын алған.

Басқарма қызметкерлерінің айтуынша, 28 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында шығармашылық бағытта 23 өнім берушінің жұмысы зерделенген. Анықталған кемшіліктер бойынша құқық қорғау органдарына хат жолданып, өнім берушімен жария офертаға сәйкес келісім-шарт біржақты бұзылатын болады.



VIP нөмірге 290 млн теңге жұмсаған

Жыл басынан бері аймақ тұрғындары VIP мемлекеттік нөмірге 290 млн теңгеден астам қаражат жұмсаған. Мамандандырылған ХҚКО-ларда 803 жоғары сұранысқа ие нөмір берілген.

Айта кетейік, жоғары сұранысқа ие нөмірлерді сату республикада 10 жыл бұрын енгізілген болатын. Быылдан бастап облыста 070, 077, 101 цифрлық белгісі бар мемлекеттік нөмірлер сұранысқа ие. Әрбір осындай нөмірдің мемлекеттік баж мөлшері 57 АЕК-ні (2024 жылы 210 444 теңге) құрайды.

Ең қымбат әріптері бірдей VIP нөмірлер — 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777. Әрбір осындай нөмір үшін мемлекеттік баж 285 АЕК-ні құрайды, яғни 1052 220 теңге.

Жыл басынан бері облыс бойынша Мамандандырылған ХҚКО-да 2700-ден астам автомобиль тіркелген, оның 1197-сіне жүргізуші куәлігі берілген.

«ЖЖ» ақпарат

Тәлім

Өнегелі отбасының қос бәйтерегі



Рәзия әжей 18 жасында Ақсудағы Аппазовтар әулетіне келіп болып түсті. Ол үй шаруасы мен дала жұмысын қатар алып жүрді. Совхоз фермасында сауыншы болып ауыл жұмысына кірісіп кетті. Өзі де еңбектесе, жанары оттай жанып, бейнеттен қашпайтын. Көзін ашқаннан ата-анасы да оны еңбекке баулыған. Оның үстіне малсақтығы тағы бар. Кішкентай төлдерге сүйсіне қарап, сауырынан сипайды. Төпсініп тұрған асау сиырлар да өзін көрсе, жуасып қалады. «Қайнаған тірлік сауынбазда ғана шығар» деп ойлайды өзі ішінен. Мал жүрген жер бөреке ғой. Сүті қандай қою. Қатығы, айраны, сүзбесі, сары майын айтсаңызшы. Сол ағарғанның қадірін жастайынан білгесін ба, осы кәсіпке әбден бойы үйренді. Оны тастағысы жоқ. «Аллаға шүкір» дейді іштей. Бәріне үлгерді.

2 →

Аңдатпа



Ақиқатты ту еткен ақын 4

Бәрекедлі!



Бектаевтар отбасы лауреат атанды

Отбасы күні қарсаңында Астанада «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталды. Салтанатты іс-шараға Қазақстанның барлық аймағының өңірлік кезеңдерге жеңіске жеткен отбасылар қатысты. Сондай-ақ ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеңімпаздарға жолдаған құттықтау хатын жеткізді.

«Мерейлі отбасы» байқауы – ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға жол ашатын, өзіндік дәстүрі бар бірегей жоба. Халқымыздың асыл қасиеттерін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру – бәрімізге ортақ міндет. Осы орайда әр отбасы айрықша рөл атқарады. Елімізде адал өнегелі көпке үлгі болып жүрген өнегелі әулеттер аз емес. Бүгінгі салтанатты көш – соның айқын дәлелі. Бұл байқаудағы әрбір отбасының жеңісін бірлігі жарасқан жұртымыздың мерейлі жетістігі деп бағалауға болады» делінген Президенттің құттықтау хатында.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отбасының әлеуетін көтеруге, ана мен баланы қорғауға, қоғамда дұрыс құндылықтарды дәрiптeуге үнeмi баса мeн бeрiп кeлeдi. Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында да осы мәселелерге назар аударып, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған кезекті әлеуметтік бастамалар кешенін жариялады. Мұның бәрі еліміздегі әр отбасының өміріне оң ықпалын тигізетіні анық.

Сондай-ақ биыл «Ұлттық қор – балаларға» атты ауқымды жоба іске қосылып, соның аясында елдегі 7 млн бала қамтылған. Отбасыларды қолдауға және әйелдер мен балалар құқығын қорғау бағытында да бір-қатар маңызды шара атқарылып келеді.

Биыл 11-ші рет өткізіліп отырған байқаудың өңірлік кезеңіне қатысуға Қазақстанның барлық аймақтарынан 3369 өтінім түскен. Байқауға Қызылорда облысынан барған Бектаевтар отбасы «Мерейлі отбасы – 2024» ұлттық конкурсының лауреаты атанды.

Еңбек ардагерлері Төлеміс Бектаев ақсақал мен Сәнімкүл Әшірбекова әжейдің шаңырағынан 11 перзент өрбіген. Ауыл шаруашылығы саласындағы ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін Жалағаш ауданының құрметті азаматы атанған Төлеміс ақсақал «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Батыр ана Сәнімкүл Әшірбекова қажырлы еңбегі үшін «Халықтар достығы» орденін иеленген.

Отасы Төлеміс Бектаев – тыл ардагері. Еңбек жолын 1956 жылы Мақпалкөл ауылында егінші болып бастаған ол аудан орталығындағы қазіргі индустриалды-аграрлық колледжде механизатор мамандығы бойынша білім алған. 1990 жылға дейін ауданның ауыл шаруашылығы саласында механизатор болып жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан Төлеміс Бектаевтың еселі еңбегі еленіп, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1991 жылы Қазақ ССР жоғары кеңесінің Жарлығымен «Еңбек ардагері» мерекелік медалімен, 2007 жылы «Қызылорда облысына 70 жыл» және Ұлы Жеңістің 60, 65, 70 жылдық медальдарымен марапатталған.

Ал ақжаулықты ана Сәнімкүл Әшірбекова – еңбек ардагері, «Алтын алқа» иегері. 1955 жылы орта мектепті бітірген ол ауыл шаруашылығы саласында күршісі болып 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін үздіксіз еңбек еткен. 7 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген ана 1974 жылы «Батыр ана» атағын алған. Оның егін шаруашылығындағы еселі еңбегі ба-

ғаланып, 1980 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталған. Төлеміс Бектаев пен Сәнімкүл Әшірбековадан тараған балалардың алды зейнеткерлікке шығып, 5 баладан 16 нөмере, 1 шебере сүйіп отырса, кенжелері 4 бала тәрбиеленіп отырған ардақты әке. Барлығы жоғары білімді, түрлі салада қызмет етіп, ел экономикасының дамуына еңбек етуде.

Бүгінде олар Сыр өңірінің экономикалық әлеуетін арттыруға, ауыл шаруашылығы саласының дамуына үлес қосып қана қоймай, өңірдегі маңызды іс-шаралар мен қоғамдық жұмыстар да белсене араласып келеді.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауданда 1382 көпбалалы отбасы бар. Көпбалалы ана, наградаландар саны – 1018. Оның ішінде 44 ана – I және II дәрежелі «Ана Даңқы» орденінің иегері, Кеңестер одағының «Батыр ана» атағына ие болған аналар саны – 40, 307 «Алтын алқа» және 641 «Күміс алқа» иегері бар.

Осы орайда аудан көлемінде отбасылық құндылықтарды насихаттау, гендерлік саясатты жүзеге асыру бағытында жұмыс істеп жатқан «Жалағаш ауданының аналар кеңесі» мен «Жалағаш ауданының әйелдер кеңесін» ерекше атап өтуге болады.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Өнегелі отбасының қос бәйтерегі

1970 жылы Жалағаш ауданы Ақсу совхозының жігіті Оңғар Аппазовпен шаңырақ көтерді. Сол жылдан бері табаны күркетей 52 жыл өтіпті. Өткен өмір көрген түстей зырғып барады. Бұл – біздің кейіпкеріміздің ішкі жан сарайынан шыққан өмір өткелдерінің сипаты. Біздің өңгімеіміздің кейіпкері – шындығында осындай қайратты да қажырлы жан Рәзия Аппазова 1952 жылы 25 қазанда Шымкент облысы Түркістан ауданы Кентау қаласында дүниеге келген. 8 жылдық сыныпты тәмамдап, СПТУ-да 3 жылдық білім алған.

Тұрмыс құрған 1971 жылы өз еңбек жолын сауыншылықтан бастады. Араға алты жыл салып, Рәзияның табандылығы мен сауаттылығын байқаған жерлестері оны қолдап, 1977 жылы маусым айында Қазақ ССР-нің Қызылорда облысындағы еңбекшілер депутаттарының Жалағаш аудандық Советінің депутаты етіп сайлайды.

Ерекше белсенділігін бағалаған басшылық жалынды жас сауыншыны 1978 жылы 30 наурызда «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапаттайды. Сол жылы 2 қарашада коммунистік партия мүшелігіне қабылданады. 1987 жылы 7 наурызда «Коммунистік еңбек екіпіндісі» куәлігі беріледі. 1997 жылы Ақсу өңірінің кооперативінің жекешелендіріліп, жеке қожалықтарға бөлініп таратылуына байланысты жұмысы тоқтайды. Алайда ақты қадірлеп, өзіне табанды, еңбекті серік қылған абзал ана 2005 жылы зейнетке шығады. Сол кезеңге дейін ширек ғасыр сауыншылық жұмысын адал атқарды. Зейнетке шықтым деп қарап отырмай, құрт, ірімшік, айран, қатық, май өнімдерін жасап сатумен айналысады.

«Күміс алқа» иегері болған апамыздың 6 перзенті бар. Құдай қосқан отағасы Оңғар ағамыз да мал шаруашылығына қолғабыс жасайды. Ол кісі де 16 жасынан әкесімен бірге қой бағып, еңбекпен шырдалған. Кейін зейнетке шыққанша механизатор болып, үздіксіз еңбек майданында жүріп, алақаны бейнөтен ысталған жан. Зерделеп қарап отырсаңыз, отбасындағы отанасы да, отағасы да адал еңбекпен нәпақасын тапқан адал жандар.

– Алпаға шүкір, сол кезеңде аса баршылық бола қойған жоқ. Бәрі тапшы, қиын кездер болған соң, қолда бар нәрсені ұқсатып, өмірге келіп жатқан балаларымызды асырап, ел қатарлы тіршілік етуді қалап, қандай жұмыстан да шалым екеуіміз тартыпбадық. Бүгінде бейнөтенің зейнетін көріп отырмыз. Жұмыс таңдаған жоқпын. Ол кезде еңбек адамдарын қатты бағалап, қарапайым сауыншыны, механизаторды, күршісіні тіпті жоғары советке депутаттыққа сайлай беретін. Белсенді жұмыс жасағандар коммунистік партия қатарына өтетін. Сол құрметтің бәрін көрдім. Бүгінде ұрпақтарымыздың рахатын көріп отырған ақжаулықты өжемің. Ұл-қыздарымынан отызға жуық нөмере, он шақты шебере сүйіп отырмын. Адал еңбек қашанда адамды рахатқа бөлейді, – дейді бақытын еңбектен тапқан ана.

Екі жыл бұрын Отбасы күнінде болған салтанатты кездесуде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Рәзия Аппазованы батыр аналарымен бірге қабылдап, өз анаға жылы лебізін білдіріп, жолдасымен отау құрғандарына 50 жылдық алтын тойымен құттықтап, құрмет көрсеткен. Содан бері де олар бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Біз де туғыры биіктеген мәуелі бәйтеректей өсіп-өнген әулетке бақыт тіледік.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Сенбілік



Тазалық табалдырықтан басталады

Әр газет беттеріне аудан тазалығы жайлы жазудан жалыққан емеспіз. Бұл тақырып ескірмейді. Өйткені өңір тазалығы біздің өмір сүруіміздің басты қағидасы деуге болады. «Тазалық – денсаулық көпірі» демекші, жеке бас тазалығынан бастап, үй, аула, көше тазалығы тек сән беріп қана қоймай, ол адам өмірінің көпірі бола бермек.

Осы орайда аудан бойынша «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясында санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жалғасуда. Өткен сенбіде экологиялық акцияға 62 мекемеден 930-ға жуық қызметкер қатысып, 17 техника жұмылдырылған. Сенбілікте көшелер мен саябақтардағы жабайы шөптер шабылып, 12 тоннаға жуық күл-қоқыс белгіленген орындарға шығарылған.

– Әр азаматты тазалыққа тәрбиелеу отбасынан басталуы тиіс. «Өздері тазалыда» деген көреғар пікірден аулақ болып, қолынан келетін шаруаны тыңдыра салғаннан өштеңе кетпейді. Әрқайсысымыз өзіміз тұратын үй-жайдың айналасын таза ұстап, артық-ауыс қалдықтарды шашпай, ықпалы болсақ, ауылымыздың таза өрі көрікті мекенге айналуына титтей де болса

үлес қосар едік. Бүгінгі сенбілік арқылы біз өскелең ұрпаққа үлгі болатындай іс жасап, үйімізге, ауылымызға, Отанымызға деген сүйіспеншілігімізді көрсеттік. Мекен өткен жеріміздің көркеюі өз қолымызда, сондықтан барша жұртқа айтарым, тазалық – денсаулық көпірі, ауылымыз ажарлы болса, тұрмысымыз сәнді болады. Ауылымызды таза да жайлы, әдемі мекенге айналдыру үшін бір кісідей сенбілікке қатысайық, ағайын, – дейді Ақсу ауылының тұрғыны Жанар Құрманғазықызы.

Міне, ауданның таза, көрікті болуына жалағаштықтар жұдырықтай жұмылып атсалысуда. Иә, тазалық сақталмаған лас жер арудың ошағына айналатыны белгілі. Ішек пен ішкі ағзаға түсетін вирустардың 99 пайызы тазалыққа мән бермеудің

салдарынан болатынын балалар да біледі. Бірақ соны кейде ересектердің ескірмейтін өкініші. Кент ішіндегі кейбір көшелермен жаяу жүріп көрсетіңіз, осы сөзімізге дәлелсіз сөнер едіңіз. Үйінің қақпасынан шыға сала көшеге кірдің суын төге салатын немесе үйінен шыққан күл-қоқысты көшедегі арықтың ішіне аударсалатын тұрғындарды көреміз. Көзін көріп тұрған соң шыдамай сәл кідіріп, үйінің айналасын, көшені ластан жатқанын айтып және ол үшін айыппұл арқалайтынын ескертсең, өзіне қарсы ұмтылады. «Сенің қандай шаруаң бар? Бұл жерді сен тазаламайсың ғой, өкімшіліктің адамдары не үшін жүр, солар тазалап алады» дейді.

Алайда бүгінде аудан тұрғындарының экологиялық мәдениеті едәуір жоғарылаған. Бұрын кент ішінде, ауыл-

дық елді мекендерде санитарлық-тазалық жұмыстары көктем айларында жүргізілетін. Қазірде бұл жұмыстар жыл бойы тоқтамайды. Сенбі келсе болды, ойын баласынан бастап еңкейген қарияға дейін көше тазалығына атсалысатын болған. Айта беретін несі бар, әрбір тұрғын өзі өмір сүріп отырған ортасының тазалығын сақтауға және үлес қосуға міндетті. Ол – заңмен емес, армен бекітілген ереже.

Соңғы уақытта кейбір көше тұрғындары өздері ұйымдасып, көшелеріне тазалық жұмыстарын өткізуді әдетке айналдырған. Бұл да – кейінгі жас ұрпаққа үлгі. Тек осындай еңбекті үздіксіз насихаттау жұмыстарын күшейтуге тиіспіз. Ол үшін жергілікті билік тарапынан да «Жасыл көше», «Үздік аула» секілді байқаулар ұйымдастырылуда. Бір сөзбен айтқанда, жалағаштықтар өңір тазалығыжолында жұдырықтай жұмылады.

Жандос ЖАЗКЕН

Сақтансаң, сақтайды

Егін жинауда ережелер сақталсын



Өрт – барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеп соқтырған сөзсіз. Оған деген нәмісқайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт өртүрлі жағдайда шығуы мүмкін, солардың бір түрі – егістік алқаптардағы өрт.

Жылдың жаз мезгілі ауып, қызу да қарбалас науқан күрші орағы да таяп қалды. Егінді уақытылы орып, бастыру үшін жүргізіліп жатқан жан-жақты дайындықтар, мен қатар бітік өсірілген ел ырысын тілсіз жау өрттен сақтау шараларын да қамдауымыз керек. Осыған байланысты егістік алқаптарында, астық жинау, гараж қоймаларында өрт оқиғасын болдырмау үшін төмендегі шарттардың барлығы да мінсіз, ұқыпты атқарылуы қажет.

Бірінші кезекте астық жинауға қатысты барлық трактор, комбайн, астық тасымалдайтын барлық автомашинаны алғашқы өрт сөндіру ОП-5 өрт сөндіргішімен толық қамтамасыз етуіміз қажет. Дала қостарының ішінде қамыс төсеуге және басқа да тез тұтанатын заттар мен бұйымдар сақтауға, темекі тартуға, ашық от көзін пайдаланбауға, пайдаланған жағдайда жұмыс соңында жағылған отты сөндіріп, сөнгендігіне көз жеткізу керек. Механизаторлар арнайы темекі тартатын орындар және онда су толы бөшке болуы тиіс. Ас дайындайтын ошақ пештер дала қостарынан 30 метр, егін алқабынан 150 метр қашықта орналасуы қажет.

Осы атқарылған шарттар мен дала қосында жұмысшылар арасында күнделікті кезекшілік тағайындау артық болмайды. Дала қосы өрт сөндіруді қарапайым және өте қажетті күрек, шелек, сыпырғыш, сияқты құралдармен жабдықталсын. Комбайндарға май құю, түрлі тетіктерін майлау, арнайы жабдықталған орындарда жасалуы қажет. Күнделікті техникалардың двигателдері майдан, дөңді дақылдың шаңынан уақытылы тазартылуы қажет, электр жүйесінің сымдарының дұрыстығын қадағалап отырған жөн. Әсіресе электр дөңкерлеу кезінде қатаң сақтық шаралары қажет. Егін жинауға қатысты әрбір азамат және механизатор өрт қауіпсіздік ереже талаптарын ұдайы қадағалап отыруы қажет. Егіндік алқабымызда өртті болдырмау және өрттің алдын алу үшін сақтық шараларын жасайық. Осы айтылған сақтық шараларының бәрі сіздердің ұқыптылықтарыңызға байланысты іске асырылатынын есте сақтайық.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Жаңа Жолдау – жаңа міндеттер

Өздеріңізге белгілі жаңа оқу жылына қарсы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдау жолдады. Мемлекет басшысының халқына жасаған биылғы Жолдауы қоғам өмірінің маңызды аспектілерін қамтитын, өзекті және кешенді болып табылады.

Осы ретте «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының мәжіліс залында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау бойынша партия активінің отырысы өтті.

Актив отырысында аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы фракциясының жетекшісі Гүлшат Құрманбаева, фракция мүшесі Гүлжайна Айтжанова жолдауда айтылған жас ұрпақтың қауіпсіздігі, мектептердің жұмысын жақсарту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және әлеуметтік мәртебесін көтеру, жасанды интеллекттің дамуы және жаппай цифрландыру бағытындағы тапсырмалардың орындалу маңыздылығын тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында «ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Баланы мектепке дайындау мәселесіне айрықша назар аударған жөн. Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру саласында әр балаға бөлінетін қаражат отбасының нақты табысына байланысты болуы керек. Осылайша, біз білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру арқылы шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетеміз және мемлекеттік қолдауды ашық болуын қамтамасыз етеміз. Түптеп келгенде, азаматтарымыздың әлеуетін



арттырамыз. Бұдан бөлек, мектептердің жұмысын жақсарту шараларын қолға алған жөн», – деген болатын. Аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов Жолдаудың өзектілігі мен қазіргі таңдағы көптеген маңызды мәселелерді шешуде бағдар беретінін айтып, партияластарды Жолдауды іске асыруда белсенділік танытуға шақырды.

Президент жыл сайынғы Жолдауында білім саласына ерекше тоқталып келеді. Осы орайда мектептер мен жоғары оқу орындарын жаңа үлгідегі техникамен жабдықтау, балабақша мен мектеп, колледж, жоғары оқу орнындағы педагогтердің жалақысын көтеру, мұғалім мамандығында оқитын студенттердің шәкірт-ақысын арттыру, осы салаға бөлінетін гранттар санын көбейту секілді игілік

істер жыл сайын артып келеді, – деді мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов. Мемлекет басшысы Жолдаудың халықты алаңдатып отырған бір-қатар өзекті мәселеге арнайы тоқталды. Оның ішінде интернет-алапық, жол апаттары, әскердегі тәртіп, наркотикке қарсы күрес, медициналық сақтандыру жүйесінің кемшілігі, педагогикалық және медициналық кадрлардың талшылығы, шағын және орта бизнес саласын шектен тыс мемлекеттік бақылау, ауыл шаруашылығы статистикасын бұрмалау сияқты түйткілдері бар.

Иә, Жолдауда жүзге жуық түрлі бастамалар, ұсыныстар айтылды. Мысалы, салық жүйесін мұқият ойластыра отырып қайта жүктеу, шағын және орта бизнесіті қолдауға арналған шаралар топтамасын оң-

тайландыру, ауыл шаруашылығы өнеркәсібі үшін қолжетімді несие беру, әділ ері тиімді тариф саясатын жүргізу, көлік инфрақұрылымын жаңғырту, білікті мамандар даярлау, жасанды интеллекттің дамуы және жаппай цифрландыру, азаматтардың қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ету сияқты басымдықтарды айрықша атап өтуге болады.

Актив отырысында партияластар Мемлекет басшысының кезекті Жолдауындағы маңызды бастамаларына сәйкес білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру жолында алдағы уақытта бірлесу үлкен жұмыстар атқаратындарын айтты.

Сезім НҰР

ЖОБА

«Аудандық маңызды автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Аудандық маңызды автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5137 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

А.Ибраимов

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы «_» _____ № _____ қаулысына қосымша

Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 177 қаулысына қосымша

Аудандық маңызды автомобиль жолдарының тізбесі

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, километр
1	KND-1	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Ақсу	2,3
2	KND-2	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұқарбай батыр	6,3
3	KND-3	M-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жанаталап-Ақкыр	52,6
4	KND-4	M-32 Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жанаталап-Ақкыр	37,3
5	KND-5	M-32 Самара-Шымкент-Тан	3,3
6	KND-6	Жанаконыс елді мекеніне кіре беріс жол	0,9
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Караөткел	2,5
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов	1,3
9	KND-9	Мырзайыт ахун елді мекеніне кіре беріс жол	4,0
10	KND-10	Жалағаш кентіне кіре беріс жол	0,9
11	KND-11	Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркібай кентіне	2,3
12	KND-12	Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов-Түмен ауылы	4,0
13	KND-13	Аққум елді мекенінен инпродромға кіре беріс жол	2,6
14	KND-14	Жанаконыс-Тан	3,7
		Барлығы	124,0

ПРОЕКТ

О внесении изменения в постановление акимата Жалағашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года №177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения»

Акимат Жалағашского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Жалағашского района Кызылординской области от 24 августа 2015 года №177 «Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5137) следующее изменение: приложение к настоящему постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким Жалағашского района

А.Ибраимов

«СОГЛАСОВАНО»
Коммунальное государственное учреждение «Управление пассажирского транспорта и автомобильных дорог Кызылординской области»

Приложение к постановлению акимата Жалағашского района от «_» _____ 2024 года № _____

Приложение к постановлению акимата Жалағашского района от 24 августа 2015 года № 177

Перечень автомобильных дорог районного значения

№	Индекс автомобильных дорог	Наименование автомобильных дорог	Общая протяженность, километр
1	KND-1	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Ақсу	2,3
2	KND-2	P-33 Қызылорда-Жалағаш-Самара-Шымкент-Бұқарбай батыр	6,3
3	KND-3	M-32 Самара-Шымкент-Мәдениет-Т.Жүргенов-Жанаталап-Ақкыр	52,6
4	KND-4	M-32 Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр-Жанаталап-Ақкыр	37,3
5	KND-5	M-32 Самара-Шымкент-Тан	3,3
6	KND-6	Польцевская дорога к населенному пункту Жанаконыс	0,9
7	KND-7	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-Караөткел	2,5
8	KND-8	KN-2 Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов	1,3
9	KND-9	Польцевская дорога к населенному пункту Мырзайыт ахун	4,0
10	KND-10	Польцевская дорога к поселку Жалағаш	0,9
11	KND-11	Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркібай кентіне	2,3
12	KND-12	Жосалы-Жалағаш-М.Шаменов-Түмен ауылы	4,0
13	KND-13	Польцевская дорога к инпродрому от населенного пункта Аққум	2,6
14	KND-14	Жанаконыс-Тан	3,7
		Итого	124,0

2024 жылдың 6 қазанға тағайындалған республикалық референдум бойынша сайлаушылармен кездесудің кестесі

№	Мекен-жайы	Кездесу өткізілетін орыны	Кездесу өткізілетін уақыты
1	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазанғалиев атындағы мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	01.10.2024 жыл, сағат 16:00
2	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11	«Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Руханиет орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	11.09.2024 жыл, сағат 11:00
3	Ақсу ауылы, Т.Елеусінов №25	«Ақсу ауылдық округі әкімі аппаратының Ақсу ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	02.10.2024 жыл, сағат 10:00
4	М.Шаменов ауылы, Бұқарбай батыр №6	«М.Шаменов атындағы ауылдық округі әкімі аппаратының М.Шаменов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	03.10.2024 жыл, сағат 15:00
5	Караөткел ауылы, Игілік көшесі №8	«Караөткел ауылдық округі әкімі аппаратының Караөткел ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	12.09.2024 жыл, сағат 10:00
6	Далдай ауылы, Д.Жалтың көшесі №22	«Караөткел ауылдық округі әкімі аппаратының Далдай ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	12.09.2024 жыл, сағат 11:00
7	Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21	«Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	25.09.2024 жыл, сағат 10:00
8	Аққум, Бейбітшілік көшесі №6	«Аққум ауылдық округі әкімі аппаратының Аққум ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	24.09.2024 жыл, сағат 10:00
9	Тан, Орындай жырау көшесі №14	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №118 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	25.09.2024 жыл, сағат 11:00
10	Еңбек, Т.Дәуітбаев көшесі №5	«Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының Аққорша ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	26.09.2024 жыл, сағат 10:00
11	Есет батыр ауылы, К.Обишев көшесі №26	«Атамекен ауылдық округі әкімі аппаратының Есет батыр ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	30.09.2024 жыл, сағат 10:00
12	Жанаталап ауылы, Достық көшесі №20	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №203 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	24.09.2024 жыл, сағат 11:30
13	Мырзайыт ахун ауылы, А.Жүргенов көшесі №28	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №122 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	30.09.2024 жыл, сағат 11:00
14	Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11А	«Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының Мәдениет ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	30.09.2024 жыл, сағат 10:00
15	Т.Жүргенов ауылы, М.Нұрдышев көшесі №38	«Макпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	26.09.2024 жыл, сағат 11:00
16	Жанаталап ауылы, А.Кожабас көшесі №21	«Жанаталап ауылдық округі әкімі аппаратының Жанаталап ауылдық клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсемдері залы	26.09.2024 жыл, сағат 10:00
17	Аққум ауылы, Н.Таспенев көшесі №4	«Жалағаш аудандық білім бөлімінің №188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы	26.09.2024 жыл, сағат 12:00

Хабарландыру

«Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (индекс 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3, 3-қабат, тел. 8/72431/32447, zhsport@mail.kz) «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің» «Жалағаш аудандық жабық бассейні» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны басшысы бес лауазымына орналастуға конкурстар жариялады.

«Жалағаш аудандық жабық бассейні» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (индекс 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №20Б, телефон: 8/72431/21068, негізгі мақсаты – ауданда суға жүзу спортын және бұқаралық сауықтыру – денешынықтыруды дамыту).

Лауазымдық жалақысы 213460 – 258815 теңге (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Лауазымдық міндеттері: қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің өкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;

ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды; оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді;

педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды;

ұйымның жұмыс жоспары, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді;

барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен

бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды; жаттықтырушылар, жаттықтырушы оқытушылар, нұсқаушылар және өдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшыларды дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыру мақсатында дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдік озық тәжірибесін зерделепді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады;

қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

спортшылардың контингентін қабылдау, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестері кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды;

тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның өкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады;

ұйымның бірыңғай жинақталуы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және өнбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауда дербес жауапкершілікте болады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім; «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде

дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Денешынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттар;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» №075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданады:

он сегіз жасқа толмаған бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткерлерден құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3 (3-қабат, «Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) мекенжайы бойынша қолма-қол немесе пошта арқылы жүргізіледі.

Анықтама үшін телефон: 8(72431) 32-4-47. Конкурс өткізу күні мен орны: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3, 3-қабат.

Барлық құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ тұлға барлық талаптарға сәйкес келген кезде комиссия құжаттар қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі комиссия хаттамасымен бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен өңімелесу өткізеді.

Азаматтар конкурсқа қатысушының қайту, тұратын жер жағдайы, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаржылары есебінен жүргізеді.

Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің конкурстық комиссиясы

Қалдырған ізі мәңгілік

Тамыздың соңы күнінде саналы ғұмырын білім саласына сарп етіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға қарым-қабілетін жұмсаған ұлағатты ұстаз Гүлжан Қаниева 74 жасында бақиға бет түзеді. Гүлжан Қаниева 1950 жылы 23 ақпанда Қармақшы ауданы Ақтөбе ауылында дүниеге келген.

Н.В.Гоголь атындағы пединституттың «Бастауыш класс оқыту методикасы мен педагогикасы» факультетін бітірген ол №38 орта мектебінде 40 жыл жас ұрпаққа тәрбие беруде бір ұжымда табанды қызмет атқарды. Жемісті еңбек өткен жылдары бастауыш партия ұйымы хатшысы, бастауыш кластардың оқу ісін меңгерушісі, мектеп директоры қызметтерін атқарған.

1991 жылы аудандық «Жыл мұғалімі» байқауында I орын иеленді. Өз шығармасы, іс-тәжірибесі жинақталған білікті маманның 1983-1994 жылдары республикалық, облыстық баспасөз беттерінде мақалалары жарияланған. 1992 жылдан 2002 жылға дейін мектеп директоры қызметін атқарған. 2002 жылы зейнеткерлікке шыққан ұлағатты ұстаз, ардақты ана отбасында 5 бала тәрбиелеп өсірді. Саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиелеуге арнап, осы салада ұзақ жыл қалтқысыз қызмет өткені үшін 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің алғыс хатымен марапатталды.

«Елді деген бөлме ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында із қалдырса» демеуші, оның өнегелі өмір жолы ескеңге ұрпаққа үлгі болары анық. Тапай шәкірттің шамшырағына айналған ұлағатты ұстаз балаларының, шәкірттерінің, ұжымдастарының жайында мәңгі сақталды. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы ұстаз, ардақты ана.



№203 орта мектеп ұжымы Жаңадария ауылы

Сағындық құрбым, өзіңді

Екінші тамызда сыныптас досымыз Балдырған Салмановадан айырылып қалдық. Мектеп қабырғасында білім алумен қатар түрлі шараларда да белсенділік танытқан құ

Тағзым



Мәлік Аяпов – 80 жыл

Поэзия пырағы

Жұртын жырға бөлеген ақын Мәлік Аяповтың шығармашылығымен жалағаштықтар жақсы таныс. Ол турашылдықты ту етті, ақиқаттан айнымады. Қай істе де табандылық танытып, саналы ғұмырымен өскелең ұрпаққа үлгі болды. Өткен аптада жалағаштықтар ардақты азамат, қарымды қаламгер Мәлік Аяповтың 80 жылдығына орай ақынның шығармашылығына терең бойлап, есімін қайта жаңғыртты.

«Поэзия пырағы» атты еске алу шарасына аудан басшылығы бастаған бірқатар ел азаматтары, зиялы қауым өкілдері, жергілікті ақын-жазушылар және аудан тұрғындары қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов руханият өкілінің өмір жолына тоқталып саналы ғұмырын жастарға үлгі етті.

– Мәлік Аяпов өзінің замандас тұстары сияқты соғыстан кейінгі елдегі қиыншылықтарды көріп өсті, ерте есейді. 1944 жылы Жалағаш ауданының қазіргі Мырзабай Ахун ауылында дүниеге келген ақын ағамыз ауылдағы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін Қазалыдағы ауыл шаруашылығы техникумын бітірді. Ауыл шаруашылығы саласының маманы болғанмен ақын жүрегі табиғатпен біте қайнасып, әлдебір өзіне беймәлім ғажайып күш алыс қиырларға шақырып тұрғандай болатын. Ақыры 1970 жылдары арман қуып ару қала Алматыға аттанды. Мәлік ақын сол кезде екінші бірінің қолы жете бермейтін астанадағы үлкен білім шаңырағы С.М.Киров атындағы

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп шықты. Сөйтіп 1965 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық «Жаңадария», қазіргі «Жалағаш жаршысы» газетінде корректор, әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, аудандық баспахананың директоры, редактордың орынбасары, бас редактор болып жемісті еңбек етті, – деген Ғани Сүлейменов өңір мәдениеті мен әдебиетінде, жалпы қазақ поэзиясында Мәлік ақынның өзіндік орны барын жеткізді.

Айта кетейік, КСРО Журналистер одағының мүшесі, елімізге белгілі ақын бірнеше жыр жинақтарының авторы Мәлік Аяпов өзінің көп тынысты, сыршыл жырларымен халықтың жүрегіне қалған тұлға десек те болады. Өткен ғасырда ғұмыр көшкен арқалы ақындар Төлөубай Үркімбаев, Әділкерім Оңалбаев, қазақтың шежіресін өлеңмен жазған Шоңбай Жұбанұлы, Орынбай жыраудың ізі де – ақын Мәлік Аяпов. Қарымды қаламгер ауданның ата басылымы «Жалағаш жаршысы»

газетінде де табанды еңбек етті, өзінен кейінгі шығармашыл жастарға үлгі болды.

Мұнан өрі аудан өнерпаздары ақынның еске алған Жалағаш жұртына Мәлік Аяповтың өнегелі өмір жолынан сыр шертетін бейнекөрсетілім мен ақын сөзіне жазылған әндерді тарту етті. Жиында зиялы қауым өкілдері ақынның саналы ғұмырына кеңінен тоқталып, есімін ұлықтауға қатысты бірқатар ұсыныс та ортаға салды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Ақиқатты ту еткен ақын

Ақын болу парыз емес, азамат болу – парыз. Ал өмірден озған ақын жайлы естелік жазу үшін ақын болу міндетті емес, ақынжанды болсаң жеткілікті. Күні кеше ғана іс-сапарларға шығып, газет жұмысының қиындығы мен қызығын бірге көрген, көп жыл қызметтес болған ақын, журналист, әріптес ағаны еске алу қандай қиын. Бірақ биылғы мерекелі жылы қамшының сабындай қысқа ғұмырында ырзық-несібесін табиғат сыйы талантымен, қаламының құдіретімен тауып асқаралы алпыс жыл тойлай алмай арманда кеткен талантты ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мәлік Аяповты сағынышпен еске алып, жырларын оқымау ақын рухына жасаған қиянат болар еді.

1984 жылы аудандық газетке қызметке келгенде Мөкең ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі екен. Талантты жастарды жинап алып, үнемі қамқор қолын созатын ақын ағамыз Мөкең маған да ақыл-кеңесін аямай бағыт-бағдар беріп отырды. Бірге ел аралап, халықпен жүздестік, газетке материалдар дайындадық. Жетпісінші жылдардың бас кезінде баспасөз күні қарсаңында «Тілші шопан» деген тақырыпта мақала жазып, оқырманға мені таныстырған осы Мөкең болатын. Қызмет бабында іс-сапарларға шыққанда ол мені «өлең де жазады, ақын жігіт» деп таныстырғанда көңіліміз көтеріліп, көдіміздей масаттанып, марқайып қалушы едік.

Қайтар жолда «Серік-ау, еңбегімізді айтып, өзімізді құрметтемесек, бізді кім көтереді?» дегенді жиі айтушы еді. Өлең, мақала жазатынымызды айтпағанда, Мөкең екеуіміздің қасқа маңдай, селдіреген шашымыз бен мінез-құлқымызда аздап болса да ұқсастық бар еді. «Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, аңқылдаған адал азаматқа ұқсағанымашымын де мақтанатынымыз. Бірақ мен қанша өлең жазғанмен ақын емеспін. Қазір не көп ақын көп. Алайда шындықтан жалтармай, әділдікті ту етіп айта алатын Мәлік Аяповтай арқалы, жүректі ақын көкен-сайақ.

Жүректі ақын дегеннен шығады-ау, адамзат тарихында халқының мұны айтып, жазып, жоғын жоқтаған

заманын жырлаған ақындар көп болған. Мәселен, Бұқар жырау Тәуке ханның ел басқарудағы кемшін тұстарын тап басып айтып сабағына түсіріп отырса, Махамбет «Әй Жәңгір хан, Жәңгір хан, хан емессің қасқырсын, Қара албасты басқа ұрсын» деп халыққа жасаған қиянатты айтып өшкерелеген.

XX ғасырдан соң ақындарының жырларынан көшпенді болған халқымыздың үстем тап пен жауларынан көрген қайғы-қасіретін, өркіндік алып, егемен ел болуды аңсаған арманын айқын аңғаруға болады. Солардың қатарында Мөкең де ұятты тіл, отты жырларымен ойландырып, қоғамдағы әділетсіздікті жалтақтамай айтып кетті.

Ол өлеңді он ойлап, мың толғанып, сирек жазатын. Жыр перзенті дүниеге келгенде балаша қуанып, маған оқып беретін пікірді сұрайтын. Әрине, кітап шығару бизнеске айналған қазіргі кезде бәрі де қаржыға келіп тіреледі. Мөкең жазғандарын жинап, жинақ етіп шығару үшін қаржылай көмек көрсететін демеуші іздеді, таба алмады. Тек 2004 жылы ақынның шәкірті, жерлесіміз, айттыскер ақын, сазгер, әнші Елена Әбдіхалықова өзі демеушілік жасап, «Киелі мекен» атты алғашқы жыр кітабын шығарып берді. Ақын егеменді еліміздің алғашқы қиыншылықтарын байлық, мансап, махаббат тақырыптарын жырларына арқау етті. Билікке құмар әкімдерді, өнер мен ғылым нарықтанған халық қамқорлықсыз қалған, қоғамның кейбір

келеңсіз көріністерін сынға алды. Мәселен «Абайға шағыну» өлеңінде:

«Бәрі заман, әлде бұл тұлкі заман, Жұтатындай адамды құлқы жаман. Қызылшақа сөбідей тыржалаңаш, Шындық жатыр жөргекте шырылдаған» деп көз келген ақын айта алмайтын ақиқатты айтты.

Мырзабай ахун ауылында туып өскен Мөкең Алматыдағы С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіргеннен кейін аудандық газетте ұзақ жыл қызмет етті. Корректорлықтан бастап, редакторлық, баспахананың директоры қызметтерін абыроймен атқарды. Мақалалары облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді. Ол таланттарды танып демеді. Көп жаңға қамқор қолын созып көмектесті. Аудандық мәдениет үйі жанындағы Ә.Оңалбаев атындағы әдебиет пен өнер бірлестігін ашуға тікелей аталысты. Сол бірлестіктің жетекші ретінде жас қаламгерлер мен өнерпаздардың басын қосып, булақты көзін ашты. Талабы таудай, таланттарды тәрбиелеп шығарды. Қазіргі кезде айтулы ақындар Айкүміс Орынбаева, Елена Әбдіхалықова, Ғазиза Әбділа, Динара Мәлікова секілді жүздеген шәкірті өлі күнге дейін ақын рухына тағзым етіп, құрмет тұтады.

Халқымыздың қанына сіңген қызғаныш, көреалмаушылық қасиеттер қалмайды ғой. Батыр аңқау, ақын аңқау келеді демей ме. Аңқылдаған ақынның

беделі мен адалдығын, аңғалдығын кейбір адамдар жеке мүдделеріне пайдаланып та кетті. Бірге жүріп сырттан тас атып, табанынан тайдырғысы да келді. Бірақ Мөкең азаматтық жолымен жүріп, адамгершілік қасиетінен айныған емес. Қайран дүние-ай, мейірімсіз сұм ажал ақынды 2004 жылы алпыс жасқа қараған шағында ақыры алып тынды.

Айтылмаған сырлары, жазылмаған жырлары өзімен бірге кетті. Жұырда ақынның жары Жақсығұл апаиды көздестірдім. Жоғары оқу орнын бітірген кенже қызы Динара тұрмысқа шығыпты, немересі Оралхан өлең жазып, атасының жолын қуып жүр екен. Мөкеңді еске алып, арқа-жарқа әңгімелестік. Елена Әбдіхалықова ақынның «Киелі мекен» кітабына жазған кіріспе сөзінде «Сыр елі – өлең жырға бай өлке. Халқымыздың ұлттық мәдениеті мен әдебиетін қалыптастырып отырған осынау өлкеде өлең де, өресі де ешкімнен кем түспей, қайта биікте жарқылдаған жасындай, ойлы сөз, отты жырмен «жұртым» деп жаны қалмайтын, бірақ өздері елеусіз жүретін тұлғалар аз емес. Солардың бірі – Мәлік аға. Бірақ осы қасіреттің бір бақыты бар. Ол – халықтың жүрегіне қалу, бүкіл елді, ұрпақты жыр арқылы өлділеу. Өмірде адамның ғана күнді өкпендігін адами шын болмыстың нұрлы өкпендігін түсіндіру. Ендеше сіз сол биікке шарықтай ұшып, бір кісідей, бір ақылдай еңбек етіп келесіз аға! Олай болса өзіңіздің де, жырларыңыздың да ғұмыры ұзақ болғай» деп жазған екен. Ақын ғұмыры қысқа болды. Бірақ жасындай жалынды жырларының халқымен бірге жасай беретініне көміл сенеміз. Оның өзі ортамызда жоқ болса да, ұятты жырларымен мәңгі жасайтыны сөзсіз.

Серік БЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Арнау



Шындықтың шырағы

Шындықтың шырағы,
Әділдік ұраны.
Жүрекке жетеді,
Жалынды жыр әні.
Жазудың маманы,
Жалағаш тұрағы.

Нар тұлға табынар,
Көрмесе сағынар.
Әуақ қолдаған,
Баянды бағы бар.
Жанында серігі,
Жақсығұл жары бар.

Маржан сөз шебері,
Қаламы сенері.
Өлеңі – өмірі,
Жыр жазу – өнері.
Арқалы ақынның,
Айтулы беделі.

Халқының ақыны,
Жақсының жақыны.
«Киелі мекеніңмен»
Қауыштық ақыры
Киелі жыр жазған,
Поэзия батыры

Ел болу ерге сын,
Киелі жерденсің.
Киелі мекенің,
Өркендеп гүлденсің.
Өлеңнің, өмірдің,
Ала бер жүлденсің.

Жетімді жезбеген,
Талантты демеген.
Қорқаудың қырғиы,
Қырағы көреген.
Тулардың тұяғы,
Дарынсың не деген.

Он сегіз көңілің,
Ағалық жасыңда.
Жарқылда, жасыма,
Халқың бар қасыңда.
Жырларың жасайды,
Мәңгілік ғасырға.

Серік БЕРТАЕВ,
ақын

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қолдау қызметінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1406